

Жетісу университеті

ALMATY OBLYSTYQ QOǴAMDYQ-SAIASI JASTAR GAZETI
АЛМАТИНСКАЯ ОБЛАСТНАЯ ОБЩЕСТВЕННО-ПОЛИТИЧЕСКАЯ МОЛОДЕЖНАЯ ГАЗЕТА



ҮЙДЕН ШЫҚПАЙ ҚҰЖАТ ТАПСЫРУ

Заманауи ақпараттық технологиялар мемлекеттік қызмет түрлерін онлайн режимде алу мүмкіндігін кеңейтіп жатқаны анық. Пандемия жағдайында университетке бетпе-бет байланыссыз құжаттарды тапсырудың бірнеше тәсілдері әзірленіп, сынақтан өтті. Жоғары оқу орындарының талапкерлерді виртуалды қабылдауы ең сенімді тәсілдерінің біріне айналып отыр. Өткен жылы шалғайдағы ауылдардың мыңдаған түлектерінің құжаттары қабылданған еді.

Биылғы жылы жоғары оқу орындары виртуалды кеңселерін қайта ашты. І. Жансүгіров атындағы Жетісу университеті 13 шілдеден бастап білім беру гранттарын тағайындау конкурсын бастап еді. Құжаттарды қабылдау екі тәсілде жүзеге асырылып, 22 шілдеге дейін жалғасты.

Талапкерлердің ұсыныс-тілектері ескеріліп, оқуға түсу процесіне барлық жағдай жасалған. Мысалы, виртуалды қабылдау комиссиясы алғашқы жұмыс күндерінен бастап өтініштерді онлайн



қабылдады. Мұнда университет қызметкерлері кеңес беріп, болашақ білімгерлермен бейне байланысқа шықты.

Қызмет көрсетудің тиімділігі мен жылдамдығын арттыру мақсатында сондай-ақ, ауа райының аптап ыстығы жағдайында қызметкерлердің штаты кеңейтілді. Жалпы, қызмет көрсетуге студенттер қатарынан еріктілер тобы тартылып жатыр. Ғылым және жоғары білім министрі Саясат Нұрбек еліміздегі жоғары оқу орындарына құжат қабылдау науқанының барысын тексерді. Ол өз сөзінде: «Талапкерлер үлкен өмірге сәтті қадам басуы үшін, біз бар күшімізді саламыз», – деді.

Алтынай МАХИМОВА.



БЛОГ-ПЛАТФОРМА
ҚР Ғылым және жоғары білім министрі
Саясат Нұрбек ашық диалогқа шақырады
dialog.egov.kz

2 бет

Сағыныш ЕКЕН БАЛА КЕЗ



3 бет

ДАЛЬШЕ ДЕЙСТВОВАТЬ Будем мы!



4 стр.

Мир воспитателей



5 стр.



ҚР ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ ЖОҒАРЫ БІЛІМ МИНИСТРІ САЯСАТ НҮРБЕК АШЫҚ ДИАЛОГҚА ШАҚЫРАДЫ

ҚР Ғылым және жоғары білім министрі Саясат Нұрбек dialog.egov.kz электронды үкімет порталындағы «Ашық үкімет» алаңында жеке блог ашты.


– "Мен «Ашық үкімет» алаңында отандық ғылымды дамыту және жоғары оқу орындарындағы білім беру қызметінің сапасын арттыруға қатысты кез келген ұсыныстар мен пікірлерді тыңдауға дайынмын. Барлық арыз, өтініш, ұсыныстарды мұқият оқып шығып, қажет деген жағдайда тиісті шара қолдануға әзірміз", – деді Саясат Нұрбек порталдағы алғашқы хабарламасында.

Ғылым және жоғары білім министрі бұл блог министрлік қызметкерлеріне еліміздің жоғары оқу орындары мен ғылыми ұйымдарының мәселелерін шешуде бірлесіп жұмыс істеуге мүмкіндік беретініне сенім білдірді. Осы орайда Саясат Нұрбек қазақстандықтарды өзгелерге үлгі боларлық оң істер туралы айтуды да ұмытпауға шақырды.

Порталдың негізгі мақсаты – азаматтардың мемлекеттік органдардың жұмысына қатысты ойларын білу. Портал арқылы кез келген адам нақты бір мемлекеттік органға немесе жергілікті әкімшілікке тікелей өтініш білдіруге және ұсыныс жасауға, әлеуметтік маңызды сауалнамаларға қатысуға мүмкіндік алады.



БЛОГ-ПЛАТФОРМА
ҚР Ғылым және жоғары білім министрі
Саясат Нұрбек ашық диалогқа шақырады
dialog.egov.kz



Қазақстандық талапкерлер педагогикалық, инженерлік-техникалық және IT-мамандықтарды таңдайды

- Педагогикалық ғылымдар
- Инженерлік бағыт, өңдеу және құрылыс саласы
- Ақпараттық-коммуникациялық технологиялар
- Әлеуметтік ғылымдар, журналистика және ақпарат
- Бизнес, басқару және құқық
- Денсаулық сақтау
- Жаратылыстану ғылымдары, математика және статистика
- Қызмет көрсету
- Өнер және гуманитарлық ғылымдар
- Ауыл шаруашылығы және биоресурстар
- Ветеринария

Оқуға түскісі келетін талапкерлердің жартысынан көбі педагогикалық ғылымдар, инженерлік бағыт, өңдеу және құрылыс саласын, сондай-ақ ақпараттық-коммуникациялық технологиялар саласы бойынша білім беру бағдарламаларын таңдайды екен.

Мемлекеттік білім грантын тағайындау конкурсына қатысуға өтініштер қабылдау басталғаннан бері үш күннің ішінде қазақстандық жоғары оқу орындары талапкерлерден 41 859 өтініш қабылдап, өңдеуден өткізді.

Осы уақыт аралығында 11 мыңнан астам өтініш педагогикалық ғылымдарға, инженерлік, өңдеу және құрылыс бағытына – 7,6 мың және ақпараттық-коммуникациялық технологиялар бағытына – 5,4 мың өтініш келіп түсті.

Шамамен 11 мыңға жуық талапкер балл санының тең түсуіне байланысты ерекше құқықтарға ие болды.

Олар: «Алтын белгі» иегерлері, олимпиада жеңімпаздары мен оқу үздіктері. Ал 15,5 мыңнан астам адам жеңілдігі бар талап-

керлер санатына енгізілді. Олар: жетім балалар, мүгедектер, шетелдегі қазақ диаспорасының өкілдері және т.б.

2022 жылғы талапкерлер арасында келесі үздік үштікте өнер бағыты мен гуманитарлық бағыттағы мамандықтарға – 3,8 мың, денсаулық сақтау – 2,8 мың, бизнес, басқару және құқық – 2,6 мың, әлеуметтік ғылымдар, журналистика және ақпараттану саласына – 2,3 мың өтініш қабылданды. Үш күннің ішінде ең аз өтініш қабылданған салалар: ауыл шаруашылығы және биоресурстар – 490 және ветеринарияға – 224 өтініш қабылданды.

ҚР Ғылым және жоғары білім министрлігінің жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім департаментінің Call-орталығында 150 өтініш қаралып, өңдеуден өтті. Байланыс тел.: 8 (7172) 741670, 742284, 742525, 741739.

Ұлттық тестілеу орталығы әлеуметтік желілер арқылы 2 221 талапкерге кеңес беріп, Call-орталықта 594 өтінішке жауап берді. Тел.: 8 (7172) 69 50 69.



Менің өмірімдегі Университет

Әр адамның өмірінде өзі үшін ойып алар орны болатыны, есте қаларлық сәттері ассоциацияланатын мекені болады. Мен үшін осындай бақыт мекені – Жетісудің білім ордасы І.Жансүгіров атындағы Жетісу университеті. Ерекше жылы болған білім ордасы маған сондай ыстық, сондай жақын.

2002 – 2006 жылдар аралығында аталған университеттің, ұлылықтың ұлы мамандығы «Қазақ тілі мен әдебиеті» мамандығын оқып шығып, 2006 жылы Жетісу университетінің аспирантурасына түсіп, 2010 жылы профессор, Тұрсын Садықовтың жетекшілігімен кандидаттық диссертациямды қорғап шықтым. Барынша қолғабыс көрсетіп, «жетекші» атына ылайықты еңбек сіңірген ол кісіге айтар алғысым шексіз.

Алғашқы еңбек жолымды І.Жансүгіров атындағы Жетісу университетінің колледжінен бастадым. 2014 жылы дәл осы университеттің журналистика және филология кафедрасында оқытушы қызметінде жүріп, студент алдындағы жауапкершілікті сезінгендеймін. Ұстаздық қызметім сан түрлі қызыққа да, шыжыққа да толы болды. Әр студенттің мінезі, өмір жолында өз орынын тауып, аламанға түскен тайдай бір-бірімен жарысып, оқуға талпынғандарын көріп студент кездегі өзімді көргендей боламын. Маған бұл сезім бойыма әлі де шымырлап күш беруде. Қазіргі таңда университетте тіл жанашырлары, филологтарды даярлау білім беру бағдарламасында қызмет етіп келемін. Осындай жетістікке жолымды ашқан университет киелі мекеніме айналды десем артық айтқандық болмас.

Менің өмірімдегі Университет – мен үшін адамгершіліктің мың жылдық дәні өгілген жастық шағымның мәңгілік мекені. Атағы мен даңқы жер жарған Жетісу төріндегі мақтан тұтар киелі ордамыз. "Ұстаз – ұстаз емес, өз шәкірті үшін күймесе, шәкірт – шәкірт емес, өз ұстазын сүймесе" деген ұстаныммен бар білгенін аямаған қадірлі де ардақты ұстаздар да осы аталған оқу орнында қызмет атқарады.

Университетіміз ұлағатты ұстаздардың даналығы мен жастардың жалынды істерін, білім мен ғылымға деген ізденісі мен құштарлығын бойына сіңірген таусылмас білім ордасы.

Әсем ЕРИҚҚЫЗЫ,
филологтарды даярлау БББ-ның оқытушы-дәріскері.

Менің университетім

Жетісу университетінің 3 курс студентімін, болашақ мамандығым журналист. Журналист болу үшін Жетісу мемлекеттік университетінде білім алып жүргеніме ризамын. Мұнда кәсіби мамандар жұмыс істейді. Олар болашақ журналистерге ақпарат табу және жазу, тарату машықтарын үйретті. Алайда, карантиннің кесірінен қашықтан білім алдық. Бір жылдан аса уақыт оқытушылармен тек экран арқылы қарым-қатынас жасадық. Университет оқытушылары онлайн білім берудің әдіс-тәсілін терең меңгеріп, білім беруді жалғастыра білді. Егер карантин болмағанда университетте талай қызық сәттерді группаластармен бірге өткізер едік...

Қазір, дәстүрлі форматта оқып жүрміз. Мұнда журналистика мамандығында оқитын студенттерге арналған оқу телестудиясы бар. Бұл университеттің артықшылығы десем де болады. Оған студенттер қалаған уақытында барып, камерамен жұмыс істеді үйрене алады. Телестудия – уақытты тиімді пайдалануға таптырмайтын мүмкіндік.

Жетісу университеті осы өңірдегі жоғары білім беретін ең мықты оқу орны. Оған осында оқитын әрбір студент куә.

Салтанат НҮРБОЛАТ,
журналистика және ақпарат БББ-ның студенті.

Бетті дайындаған Назым ДҮТБАЕВА.



Ол – әнші, мен – көрермен. Ағам табиғат аясына барып, әуелете ән орындағанды ұнатады. Жарбаңдап қасынан қалмайтын мен үшін одан асқан әнші жоқ. Ол үйдің қасындағы өзен жағасына барып ән салғанда мен қасында тұрып үнімді шығармай тыңдаймын. Ағам мені солай тәрбиеледі ме, әлде оның елтіген көңілін бұзғын келмегендіктен бе, әйтеуір, маған әнді беріле тыңдау солай қалыптасып кетті. Ол да менің бар-жоғымды ұмытып, сахарада жүргендей даусын нақышына келтіріп, жан-жағына тербеліп тұрып шырқайды-ай келіп. Өзін сахнада тұрмын деп елестетеді-ау шамасы. Мен бауырымның орындаған әндерінің мағынасын іздеймін. «Айналайын сырғаңнан, қараторғайым» дегенді естіген сайын, қонақтап отырған торғайларға жақын барып, құлағы мен сырғасын көруге ынтығамын.

Ауылда өскен әр қазақтың жүрегіне жол тапқан Уахиттың «Достарыма» деген әні сол табиғат аясында өткен балалық шағында туындаған деп ойлаймын. Бірақ, кейіннен қағазға түсірілген болу керек. Ондағы:

*Қаздар ұшқан келдер,
Жусаны көп жерлер,
Өзгермепті, барып көргенмін.*

Сағыныш ЕКЕН БАЛА КЕЗ

Егіндікке түскен бұзауларды неше мәрте қайырып шаршадық. Олар да қуланып алған. Көзің тая бере қырманның сыртымен айналып, қайта келеді. Салып ұрып жетіп келмейді, ақырындап, жайылғансып жүріп, басын көтеріп қарап қояды. Егер қорушы жоқ болса, сирақтарын жеделдете, сыртыл-дата басып, көкөрай егіндікті бетке алады. Жайқалған астыққа бір бас қойған екен, сенің айқайыңнан қорқып, қаша қояр олар емес. Қара биені сауырға алып, қайтпасты айтақтасаң ғана басын көтеріп, кейкііп бір қарайды да, жеткеніңше тағы бірнеше бидайдың сабағын қаузап үлгереді. Қуаласаң ауыл жақтан адасып қалғандай айдалаға қашып, біраз әуре-сарсаңға салады. Бәрін әдейі істейтіндей. Бұл қысастығына зығырданым қайнап, аттың сауырына ыңғайлы келгенін әкем жасап берген бишікпен ұрып кеткен боламын. Қайтсін, олар да азықтың дәмдісін жегісі келеді. Сонымен кешке дейін ауылдың бар бұзауын «ермек қылып» жүргенің. Табын көрінгенде ғана жалаң аяқ мал бағушылар борпылдақ топырақтың шаңын аспанға көтеріп, жарыса жетіп, үйді үйіне қуып өкетеді.

Егіндікті қору әкемнің міндеті болатын. Бірақ, жаз бойы малдың қыстық азығын дайындау, шөп шабу, оны күнделікті барып аударыстыру, арбаға тиіп өкеліп маялайды. Сонымен қатар, арқан есу, қамшы өру сияқты бітпейтін тірлігі болғандықтан алқапты бұзаулардан қорғауға тете ағам Уахит екеуіміз шапқылаймыз. Бала кезімнен үй шаруасына бейімсіздігімнен, әншіме барып келіп, алып келді атқаратын шабармандық бұйыратын. Аңсарым далаға ауып тұратын мен үшін ауыл сыртындағы жусан иісі аңқыған алаңқайға атты жайып қойып, көк шалғынға жата қалып кітап оқу жан рахаты еді. Бірақ, көресінді бұзаулардан көресің. Иесі таңсәріден

тұрып, сауып алған сиырлар маң-маң басып өріске қарай беттейді. Сиырлар табыншының құрығына ілінісімен, жеңгейлер бұзауларды бұйдасынан айырып, ауыл сыртына қарай беттете салады. Одан кейінгі тамақ тауып жеу тәсілдері әлгіндей.

Түс мезеті тұғын. Әдетіммен Уахитты түскі асқа жіберуге бардым. Бұзаулар қайырым бермей, бауырым алашапқын болып жүр екен. Мені көріп ызалана «Қайтар ар жағын, қырманға қамаймыз» деп айқайлап жіберді, өзі бұлығып жылауға шақ тұр. Даусында ашулы діріл бар. Оның дойырланса өзінен үлкендермен жағаласа кететін әдеті бар болатын. Мінезіне қанық болғандықтан сөзге келмей, арам қатқырларды ашық тұрған даңғарадай қамбаға қуаладым. Ішінен бидайдың иісін сезді ме, әлде Қайтпастың тілерсекке жармаса кететін әдетінен қаймықты ма, бұзаулар есікке қарай өздері ентеледі. Мұндайда олардың бір-біріне жол бермей, қақтығысып, кептеліп қалатыны бар. Ішке енісімен Уахаң маған қайыра бұйрық берді. «Бір-бірлеп ұста, қарасан келгірлерді», – дейді ашудан булығып. Әліме қарамай құлап-жығылып жүріп айтқанды істеймін. Қарасам, Уахаңның қолында әкемнің ұстарасы. Қабынан суырып алғанда жарқ ете қалды. Ет тұрмақ қайысыңды тіліп түсетін ұстараның оның қолына қалай түскеніне таңмын. Ұстараны алып шыққанға қарағанда ол бұл күнгі сойқанға алдын-ала дайындалған сыңайлы. Әйтпесе, әкем мұны жан қалтасынан тастамайтын. Әсіресе пышаққа әуес, қодар мінезді «Қара шалағынан» (Уахитты еркелетіп солай атайтын) тығып ұстайтын.

Сонымен мен ұстаған алғашқы бұзау құйрығы мен қос құлағынан түбінен айрылды. Осылайша қалғандарың да құлағын кесіп құнтитып, құйрығын

кесіп шұнтитып тастады. Қырман іші шашылған құлақ, құйрықтар. Ақырындап бұзауларға бір-бірден ең салынып, қамбадан шығып жатты. Уһ, деп «қанды қырғыннан» кейін кешке үйге жеттік. Кім келіп әкеме болған жайды айтып, бетімізді аймандай қылады екен деп қорқып жүрмін. Қараңғылық түсті, көз байланды ешкім келмеді...

Ауыл алтын бесік емес пе! Бір адам әке-шешеме сенің балаң сүйтті деген жоқ. Әншейінде ұрсысудан, бөле куудан алдына жан салмайтын көкдолы Асылкүл жеңгей де үндемеген қалпы қалды. Оның үш бұзауы да сол қырмандағы «құлақ қырғынын» бастан өткерген. Тірі жанды өкпелетпейтін жан-жағындағыларды күндеуді білмейтін әкемді сыйлағандықтарынан да ешкім, «Мұқа, бұл қалай?» демеді.

Сол жылы әр шаңырақ колхозға бір-бір ірі-қарадан өткізсін деген жарлық келді. Көппен бірге бір малды әкем жетектеп, мен шыбықпен айдап алып бардық. Кім үлкен малын берсін. Бәрі сол жылғы төл, әлгі біз «ен» салып берген бұзауларын апарыпты. Бір уақытта мал өлшегіш: «барлық малдан керексіз еттерінің салмағын қысқартамыз» деп мән-жайды түсіндіре бастағаны сол еді Нұржәмілә төтем шамданып:

– Әй, бастық бала, бері қара, мыналардың бір де біреуінде не құйрық, не құлақ жоқ, қайдағы артық етті айтып тұрсың, әйда пошол, – деп бетін қайтарып тастады. Әкем ұялғанынан төмен қарап естілер-естілмес дауыспен, «Әй иттің балалары-ай» дегенде кірерге жер таппадым. Мал қабылдаушы Нұржәмілә төтемнің ашуынан қаймықты ма, жоқ шынымен қаздай тізілген малдың артық етінің жоғын мойындады ма, әйтеуір салмағына тиіскен жоқ.

Бірге өскен тете бауырым Уахиттың ән салғанға құмарлығын сезетінмін.

Ән айтумен түлеп,
Өскен біздер түлек,
Армандаудан көңіл талмасын, – деген жолдары маған сол кездегі таныс көріністі елестетеді.

Балалық шақтың қызығы шексіз. Бірде дәу қойтастың үстінде ойнап отырғанда шекісіп қалып, ол мені нұқып қалғанда жарға қарай домалап кетіп, үлкен тоғанның суына күмп ете түскенмін. Жағада мал сойып жатқан ата-анам байқап қалып, құтқарып алған. Тағы бірде Уахиттың өткір пышақпен ойнап отырғанында жетіп барып үңіле бергенімде пышақтың жүзі бетімді тіліп түскені бар. Ол болса «Шеше, жүгір, қызыңды сойып тастадым» деп қаша жөнелген. Сол бір балауса күндерді ұмыта алмай қиналамын. Ол Огинскийдің Полонезін домбыраны сан құбылта, жан-дүниені тербете орындайды. Мен оның пионерлік галстугі мен сабаққа киетін көйлегін үтіктеп беремін де есесіне Полонезді орындап беруін сұраймын. Құдіретті музыка әлдебіреудің сағынышты сезімі арқылы жан қиналысын сездіреді. Шыбын жанның шеңберден шыға алмай аласұрған күйін санаңда жаңғыртады...

Әбдуахит бауырым бүгінде жарық дүниеде жоқ. Өмірі келте болды. Бұл әңгімені бауырымды сағынғаннан жаздым. Ауыл сыртындағы зиратына құран оқыта барғанда сол маңдағы қырманды көріп көңілім алабұртады. Жусан иісі аңқыған даладан «Біз арманға балап, жұлдыздарды санап, Жүруші едік алыс күндерді ойлаааап» деген таза, тұнық дауыс естілетіндей елеңдеймін. Дара дауысы үшін жарық дүниесін неге ұзартпады екен деп пенделік ойға беріліп налитыным да рас.

Әңгіме авторы
Гүлжан ТҰРСЫН.

На сегодняшний день население в стране составляет 19,4 млн. человек, из них около 25% – молодое поколение казахстанцев. Поэтому правительство должно эффективнее бороться с таким пагубным явлением как безработица. И в нашем университете уделяется особое внимание образовательным, творческим, научным skills-группам.

С 1 февраля 2019 года создан Молодежный центр в объеме 5 штатных единиц (начальник центра, психолог, координатор, пиарменеджер, омбудсмен). 3 штатные единицы были разделены на 12 активных студентов. Цель данного центра – формирование гражданской ответственности, отечественного патриотизма, создание условий для удовлетворения культурных, творческих и организационных потребностей обучающихся.

В 2021-2022 учебном году этот центр достиг отличных результатов в своей работе.

- Проведено:
 - 11 встреч с руководством университета по вопросам реализации молодежной политики;
 - 11 онлайн семинаров;
 - 15 молодежных акций;
 - 19 волонтерских мероприятий.
- На базе Молодежного ресурсного центра Алматинской области 49 волонтеров, репетиторов обучают более 600 детей.
- 35 активных студентов получили награды внешних организаций за различные достижения.

- Организовано:
 - более 70 мероприятий с привлечением более 3000 студентов университета;
 - 5 психологических встреч с приглашением специалистов.

► Всесторонняя поддержка обучающихся в рамках инклюзивного обучения (35 студентов).

► В рамках развития студенческого самоуправления студенты входят в 8 советов и рабочих групп университета (ученый совет, академический совет, совет по этике, совет по противодействию коррупции, комиссия по приему в общежитие и др.).

► В социальных сетях опубликовано более 80 информационных статей и постов о деятельности Молодежного центра.

► По результатам медийного сопровождения деятельности Молодежного центра на странице Instagram – 5555 подписчиков, более 900 лайков на каждый пост, более 3000 просмотров на каждую информационную ссылку.



Если 10 лет назад доля студентов, вовлеченных в деятельность студенческих организаций, студенческих клубов, молодежных центров составляла 5 процентов, то сейчас этот показатель – 41,84%.

Доля волонтеров от общего числа студентов составляет 34%, вовлеченных в творческие коллективы – 66,27%.

В течение 2021-2022 учебного года на реализацию государственной молодежной политики из бюджета университета выделено более 30 000 000 тенге.

В университете активно развивается дебатное движение. В разрезе высших школ «Дебатные клубы» разделены на:

Общеуниверситетский «Илияс сөз құлагерлері – ISQ» – 73 студента;

- 1) Высшая школа права и экономики: «Әділет» – 11;
- 2) Высшая школа гуманитарных наук: «Шаңырақ» – 15;
- 3) Высшая школа педагогики и психологии: «The Best» – 9;
- 4) Высшая школа технических наук: «Жігер» – 13;
- 5) Высшая школа естествознания: «Tas zharady» – 10;
- 6) Высшая школа физической культуры и искусства: «Ерлік» – 8;

Всемирный день навыков молодежи отмечается ежегодно 15 июля. Предполагается, что приобретение дополнительных навыков облегчит им доступ на динамично изменяющийся рынок труда и поможет более осознанно принимать решения, касающиеся работы и жизни в целом.



ДАЛЬШЕ ДЕЙСТВОВАТЬ будем мы!

7) Zhansugurov college: «Болашақ» – 7 человек;

Также, результативность показывает и волонтерство, которое представлено 13 группами на базе Молодежного центра. Общий охват волонтеров на мероприятиях более 900 студентов. Самые активные из них:

1. Волонтерская группа «Rise up» по изучению английского языка. Они обучают английскому языку воспитанников детского дома «Айналайын» при поддержке Талдыкорганского городского филиала партии «Нұр Отан», обучают английскому языку около 60 учащихся из малообеспеченных семей. Всего: 30 студентов.

2. Волонтерский клуб «Лугат», целью которого является помощь в обучении латинского языка. Всего в клубе 27 участников.

3. Волонтерский клуб «Қамқор» – участники-организаторы всех массовых мероприятий университета. Всего: 20 студентов.

4. Волонтерский клуб «Достық», цель данного клуба повышение межличностных отношений воспитанников детского дома «Айналайын». Всего в клубе 30 участников.

5. Волонтерская группа «Күш-жігер», направленная на оказание физической помощи: проводит уборку территории и снега для пожилых людей, оказывает физическую помощь всем домашним хозяйствам. Всего 15 студентов.



6. Волонтерский клуб «Эрудит». Цель данного клуба – помощь в обучении детей из малоимущих семей в области химии, математики, информатики и биологии. Всего в клубе 16 участников.

7. Общественный вспомогательный отряд полиции «Жас қыран». Оказывает помощь сотрудникам департамента внутренних дел в поддержании спокойствия города, контролирует порядок дома студентов, защищает их права. Всего 30 человек.

8. «Аяла». Данный волонтерский клуб создан для поддержки окружающей среды. Всего в клубе 23 студентов.

9. Волонтерский клуб «Шымыр». Организация спортивно-массовых мероприятий. Всего в клубе 15 участников.

10. «Робо-Z» – под таким названием создан новый волонтерский клуб. Цель которого обучение студентов IT технологиям, привлечение их к робототехнике и новым технологиям. В составе клуба 7 студентов.

11. «Ерлік» военно-патриотический волонтерский клуб. Цель данного клуба оказание помощи ветеранам ВОВ. В составе клуба 20 студентов.

12. «Асар» волонтерский клуб. Цель данного клуба – оказание консультационных юридических услуг, а также оказание содействия в реализации антикоррупционной политики. В составе клуба 12 студентов.

13. «Біз біргеміз» волонтерский клуб. Цель данного клуба – формирование политико-социальной культуры и активной гражданской позиции студентов. В составе клуба 10 человек.

В настоящее время общее число координаторов-репетиторов в Штабе волонтеров НАО «Жетысуский университет имени И. Жансугурова» составляет 46 студентов 3-4 курсов, общее число обучаемых детей – 600.

За отчетный период волонтерами университета было проведено свыше 52 акций, оказано помощи 321 семье. При поддержке руководства университета заказали специальную форму для наших волонтеров (250 бомберов, 200 футболок).



Огромное внимание уделяются и творчеству:

- «Shine» современная танцевальная группа, 25 студентов.
- Студенческий театр «Жас түлек» – 15 студентов.
- Кафедра АНК и студенческая Ассамблея – 46 человек.
- «Құлагер», мужская танцевальная группа – 6 студентов.
- «Шағала», женская танцевальная группа – 22 студента.
- КВН 15 студентов: Креатив (муж) – 7 человек, Мадам (жен) – 8 человек.

При огромной поддержке руководства университета все структурные подразделения выполняют ключевую роль в формировании личности наших обучающихся.

Мы говорим о конкурентоспособности и уже вошли в 50 таких государств мира. Но этого мало. Сегодня идет конкуренция не только государств, но и человека с человеком. И победит та страна, у которой будет креативное поколение, что поднимет науку, образование и не будет отставать. Именно от нас, от нашей энергии, знаний, патриотизма зависит будущее Казахстана. Казахстан должен дать своей молодежи необходимые знания, навыки, которые обеспечат успех и процветание.

Задача государства – сделать все возможное, чтобы помочь молодым казахстанцам поверить в себя, обрести уверенность в своих силах, проявить себя, раскрыть свой скрытый потенциал. Одним словом, обеспечить успешную социализацию молодых людей, направление их потенциала на дальнейшее развитие страны.

Бархудар ГУСЕНОВ,
Начальник отдела по социально-творческой работе.



Мир восхитителен

Хорошо, когда восхитителен мир людьми. Но очень трудно понять их. Понять тех, кто бежит к власти, делая окружающим больно, тех, кто убивает человечество морально и физически, лишь себе было хорошо и прекрасно.

...мир стал жадным. Не все думает о сплоченности народа. Возможно найдется тот, кто желает процветания миру, но их редко встретишь на пути. Как будто неважно, что происходит вокруг, словно все это не коснется их. Столько негатива и зла вокруг. Многих уже поглотили разврат, насилие, жестокость. Но этому можно и противостоять. Для этого не нужно быть гением, старайтесь следовать основным морально-нравственным принципам.

Будьте добрее в жизни, в своей обыденной жизни, не нужно быть хорошим только по праздникам или каким-то датам. Старайтесь делать только добро, быть человечнее.

Коли были бы мы все одной сплоченной, дружелюбной, преданной, целеустремленной семьей, то сейчас наша страна была куда лучше, прекрасна и великолепна.

Сейчас, увы, каждый за себя. Так трудно понять, что они хотят, что не хотят, к чему стремиться, даже не знают сами. Лишь бы жить и наслаждаться рассветом и закатом.

Валентина ГЕННАДЬЕВНА.

к Ю. Д

Сегодня вдруг я поняла,
Не быть нам вечным на земле.
Оставив след на простыне,
Идем мы в утро нового дня.

Идем, глотая воздух,
Бежим, вкушая это утро.
Словно яркий ты – подсолнух,
Беги, беги, беги ты шустро!

И землю под ногами ощущая,
Ты радуйся, что ты живешь.
Иди, иди на встречу солнцу.
Ты не один, ты не один, малыш...
Алёна КОНСТАНТИНОВНА.

Расскажи

Расскажи про боль, что в твоём сердце,
Расскажи, что под вуалью твоих снов.
Расскажи, как не можешь согреться,
Когда не холод пронизал до позвонков.

Расскажи, о ком ты скучаешь,
И жаждешь увидеть, уже прошедшим летом.
Перед кем вину искупаешь,
Каждый день, ей платя по монетки.

Расскажи, о чём сожалеешь, вздыхая,
И что в голове на повторе.
Расскажи, о чём ты мечтаешь:
Увидеть башню в Париже, двинуть на море?

Расскажи, в чём сомневаешься,
И где точку поставил окончательно.
Садись, я налью тебе чаю,
Обещаю, слушать, внимательно.
Валерия НИКОЛАЕВНА.



МОДНОЕ ЛЕТО:

будь собой

9 июля отмечают День моды. мода – это совокупность привычек, ценностей и вкусов, принятых в определённой среде в определённое время. Можно смело назвать ее лекарством от скуки. Ведь она служит вдохновением, источником безумных идей и способом визуализации внутреннего мира. Что актуальнее быть модным или оставаться стильным?

Современная мода разнообразна и переменчива, события и тенденции сменяют друг друга, как кадры кинофильма. Что было модно сегодня завтра уже не актуально. Не так давно модные сезоны имели одну общую идеологию и стиль, а сегодня модно фактически все, только меняются ткани, декор, имя модного дома, длина, цвет. Угнаться за модой невозможно, так как она очень динамична и возникает стихийно под влиянием доминирующих общественных настроений и

быстро меняющихся вкусов, увлечений, либо как протест вышесказанному.

Мода диктует и навязывает образы миллионам, создавая иллюзию единения. Быть модным – это значит ориентироваться в потоке сменяющихся образов, всегда носить только оригинальные модные бренды из последних коллекций, досконально следить за внешностью и изменять ее в соответствии с последними тенденциями, но это не значит, все вышесказанное правильно сочетать. Такое удовольствие невероятно затратное и доступно не многим, да и результат не всегда может быть положительным, а зачастую и

опасным для здоровья.

Мода переменчива, гоняясь за ней люди, часто теряют себя, а иногда ставят под угрозу и собственную жизнь. Индустрия моды эгоистична и ориентирована только лишь на коммерческий успех. Модный человек – это тот, кто улавливает даже самые, казалось бы, незначительные изменения, касающиеся актуальных тенденций. Нужно быть очень внимательным и собранным, чтобы все это замечать.

Важно быть собой. Не старайтесь быть кем-то другим. Одежда должна отражать вашу суть, подчеркивать вашу индивидуаль-

ность, давать вам свободу быть собой и чувствовать себя комфортно. Пытаясь влезть в чужую шкуру, человек уже априори стильным быть не может. Стиль – отражение личности, отражение жизни во внешнем виде.

Стиль – это свобода от навязанных стереотипов, индивидуальность и неповторимость. Стильные люди сразу выделяются из толпы, становятся некими идеалами и объектами восхищения и подражания, даря дизайнерам творческое вдохновение. Они всегда придерживаются одного направления в моде, выбирая из огромного ассортимента только то, что гармонично дополнит образ. Гардероб стильного человека зачастую не сильно велик, но при этом практичен, долговечен и уникален. Быть стильным – значит соответствовать своей сущности на сто процентов и не бояться собственного Я, а также не скрываться за мишурой наигранного и чужого мировосприятия.

4-5 стр. подготовлены
Алтынай МАХИМОВОЙ.



Офисный дресс-код на лето или просто «хорошие идеи»

Жетісу университетінің «Ілияс әлемі» атты дәстүрлі республикалық студент-жасстар фестивалі биыл сегізінші рет университеттің елу жылдық мерейтойына орай өткізілді. Фестивальға республиканың ЖОО және колледжі студенттері қатысты. «Іші алтын, сырты күміс сөз қалдырған» атты эссе байқауы жеңімпаздарының шығармаларын оқырман назарына ұсынамыз.

ІЛИЯС

1 дәрежелі диплом

Дана ДҮЙСЕНҚОЖА,
Жаркент жоғары гуманитарлық –
техникалық колледжі



қалдырған орны айқын. Оған өзінің әдебиет саласында қалам тартқан еңбектері, нақтылай кетсек, «Тілек», «Ағынды менің Ақсуым» т.б. шығармалары дәлел. Бұл өлеңдері арқылы келешек ұрпақтарын білім-ғылымға шақырып, әдебиет өнерінің қаншалықты көркем екендігін, сол арқылы тіліміздің өркендейтінін, ал тілдің болашағы болса, елдің де болашағы кемелдене түсетінін айқындап, болашағымызды ойлау барысында өз үлесін қосқан. Ақын тек мұнымен шектелмей ең атақты «Күй», «Құлагер», «Дала», сияқты поэмаларын дүниеге әкелді. Сонымен қоса, лирика жанрында қалам тартып «Әнші апам», «Күзгі гүлге», «Дала» атты шығармаларын баспа

БІЛІМ-ҒЫЛЫМ ОШАҒЫНЫҢ ТҮТҚАСЫ МҰҒАЛІМ

Бас жүлде

Ақниет ШАЙМҰРАТ,
І.Жансүгіров атындағы Жетісу университеті



қайнауында сақтап келген даналықты негізге ала отырып, ақылын алтыға, ойын онға бөлген оқытушылар шоғырының жақсы мен жаманға бөлінуінің мәнісі жайында сөз қозғасам.

Кей кездері ұстаз атына қанық болғанмен, затына қанық емес, затына қанық болғанмен, түсіне жетік емес, түсіне жетік болса да ісіне жетік емес біраз сөзуарлардың баршылығынан осы бір көзқарас туындапты.

Қазақтың бас ақыны Абай бұл тұста: «Адамның адамшылығы жақсы ұстаздан», – деп таратқан екен. Яғни, өмірге гуманистік көзқараспен қарайтын қырағыларды даярлауда білім ошағының тұтқасы мұғалімдерде болуы шарт.

Екіншіден деп екшейтін тұсы, қазіргі ұрпақтың ұлағатты тұлғаны қабылдауы. Менің осы жолдағы қағидам: Баланың білім айдынындағы желкені бола білу, қиындықта қолдаушысы, қуанышта бақытын бөлісер бауыры атану. Әркез сынып есігіне жақындап, ішке өнерде алдымда отырған әрбір оқушының бұған дейін қайталанбаған, осыдан кейін қайталанбайтын кесек тұлға екенін және әрбірінің өз бағытында жол табуына титтей болсын себепші болуым керек екенін есімде ұстаймын. Себебі сонау басыма ақ бантик байлаған балғын шағымда мені баулыға, баптап бағыттаған мұғалімнің орны мен үшін өте ерек. Міне, бұл білім-ғылым ошағындағы ізгіліктің тізгіні – оқытушылар қауымында екендігі. Тағы бір тағылымды дәлелді, мен бала шағымда көргем «Менің атым – Қожа» фильмінен таптым. Рақманов ағайдың: «Мен Сұлтаннның жұлдызын жаға алмадым», – деп өзін жазғыруы баланы дамытуда дағдыларын дөп баса білудің маңызын көрсетіп, сабақ болды.

Сөзімді қорытындылай келе айтарым, жақсы мұғалім-мектептің жүрегі, бала жан сарайының сақшысы, көңілінде мәңгі қалар ізгі жан. Ертең еліне алаңдап, ел іргесін сөкпей берік ұстайтындардың даңғыл жолын білім ошағында ұстаз орнатады және көңіл биігінде көрінісі әрқашан жарқын қалыпта сақталады дегім келеді.

ӨНЕР, ОҚУ ЖАСТЫҚТЫҢ ҚАРУ ЖАРАҒЫ

Білім-ғылым - бұл біздің болашағымыз. Ал болашағың кемел болсын десең білім, өнер, оқу сенің бойыңда болуы шарт. Бұл біздің ізгілікке апарар ең сенімді, ең нақты, жарқын жолымыз.

Мүмкін, адам бойындағы бұл қасиеттер бәрінде табыла бермес. Бірақ, оны қалыптастыру, әрі қарай жетілдіру өзіміздің қолымызда.

Мысалы, осы күнге дейін өшпес ізі қалған Ілияс Жансүгіров те өзінің білімділігімен, ғылым саласындағы ерен еңбектерімен ерекшелінеді. Ал ол үшін Жансүгіров бала кезінен қаншама оқу орындарында биіктен көрінді. «Не ексең, соны орасың» демекші, мінекей, осындай талпыныс пен еңбектің арқасында өзінің таңбасын мәңгілікке қалдырды. Оған дәлел ретінде - Ілияс Жансүгіров атындағы университетін назарға алсақ, кез келген адам білімділіктің шыңын көреді деп ойлаймын.

Жас мұраты, білім тәлім – талабы,
Өнер, оқу жастықтың қару жарағы, - деп жырлаған Жансүгіров «Білім - ғылым ошағы – ізгілікке бастар жол» талабын ұстанған іспетті. Сонымен қатар, оның білім жолында

бетіне шығарды.

І.Жансүгіровтің тағдыры мен талғамын сараптай отырып «Ағынды менің Ақсуым» өлеңінің қаншалықты терең мағыналы екендігін, білімді, тілді жетілдірудің қандай көркем жолы екендігін: -

*Ағынды менің Ақсуым,
Ақырып әлі ағасың,
Ақиланған ашумен,
Ақтарды асқар сабасын.
Тас тарпуын, шапшуын,
Қарасаң қайран қаласың,
Жалғыз жазғы бір кеште,*

Жағаладым жағасын. - деген шумақтардан байқай аламыз. Осы секілді көптеген жанрда өз толғанысын ашық жеткізген қаламгер. Осындай білімді де, жетілген да жақсы меңгерген жаннан артық үлгі табылмас. Сол себепті білім-ғылым деген термин назарға алынса – Ілияс Жансүгіровті ойға алмау мүмкін емес.

Мінекей, сол себепті, «Ізгіліктің бастауы - білім-ғылыми ошағы» болса, оны қалыптастырған Ілияс Жансүгіров деп нық сеніммен айта аламын.

ІЛИЯС ТУЫНДЫЛАРЫН НАСИХАТТАУ ПАРЫЗЫМ

2 дәрежелі диплом

Әлішер МҰРАТБАЕВ,
Қ.А.Ясауи атындағы халықаралық
қазақ-түрік университеті



мұраларымен сусынды, кейіннен Абай өлеңдерінен нәр алды, шабыттана түсті. Іші алтын, сырты күміс сөз қалдырған Ілияс атамыздың шығармашылығына тереңірек үңіліп көрейікші.

Ақын поэзиясының негізгі арқауы – туған жері.

Мысалы, «Ақсуым» атты өлеңінде:

*Ағынды менің Ақсуым,
Ақырып әлі ағасың,
Ақиланған ашумен,
Ақтарды асқар сабасын. -* деп жырлайды. Әр шығармасында ұлттық бояудың исі аңқып тұратын қаламгер ұлттық аспабымыз домбыраны да жырға қосады: *Домбыра, сенде мін бар ма?
Мінсіз болсаң, тіл бар ма?
Тіл жоқ дегуе бола ма,
Тілден артық үн барда?!
Халық қамын бірінші орынға қойған Ілияс атамыз елдің азаттығын аңсайды, жақсы өмір*

сүргенін қалайды. Өзінің «Арыным» атты өлеңінде:

*Алқынамын, басылмайды арыным,
Тау селіндей екпін-қайрат, сарыным.
Жарлы-жалшы, жақбайды жарылқау
Жандағы ауру, жүректегі жалыным, -* деп бойындағы жалынды тұрған жігер мен тасқындап тұрған қайратын халқы үшін жұмсағысы келетінін айтады, ашынады, ішіндегі ашу мен кекті жырға қосады. Менің ойымша, оның бәрі тегіннен тегін туған дүние емес. Ол – Ілияс Жансүгіровтің бойындағы тектілігінен, дарыны мен ақынның әкесінен көрген тағылымды, тәлімді, ғибратты балалығы.

Анасынан төрт жасында айырылған Ілияс әкесі Жансүгірдің қолында өседі. Әкесі де жастайынан өлең-жырға, ұлттық әдебиетке құмар болғандықтан, Ілиястың дарыны, көп қырлы бейнесі, халқына деген махаббаты кездейсоқтық емес.

*Арғынмын, атым Әсет арындаған,
Арындап ән сала ма дарымаған?
Аспанның аясында ән шалқытқан,
Бұлбұлмын даусы көкте дамылдаған, -* деген жыр жолдарындағы қазақ даласын әнмен тербеткен әншінің бейнесін асқан шеберлікпен суреттеу автордың төл өнеріміздің ерекше

хабары бар екендігін көрсетеді деп ойлаймын. «Дала», «Күй», «Күйші», «Құлагер», «Мақпал» және бұдан басқа да поэмаларында қазақтың түпкі тарихынан бастап, сол дәуірге дейінгі саяси-әлеуметтік жағдайдың түгелі дерлік көрініс тапқан. Оның өзінде де жай жазылмаған, асқан шеберлікпен, тамаша үйлесіммен, ерекше талғаммен жазылған.

Мәскеуде журналистикалық білімін жетілдіріп кеп, өртүрлі газет-журналдарға еткен еңбегі, түрлі тақырыптарға қалам тербеп жазған мақалалары, халқына жар салып, жақсылыққа жол бастағаны Ілиястың жаңа публицистикалық қырын танытады.

Қаламгердің прозаға сіңірген еңбегі-бір төбе. «Жолдастар» атты романының өзі қазақ әдебиетіне тың серпіліс, айшықты фигуралар әкелді. Орыс тілінен аударған «Евгений Онегин» атты романы Ілиястың аударма саласындағы алтын қорымызға қосқан қомақты үлесі деп білеміз.

Айта берсек, Ілияс Жансүгіровтің халқы үшін қалдырған іші алтын, сырты күміс асыл мұрасы таусылмақ емес. Әрине, осы уақытқа құнды мұралардың барлығы дерлік зерттелді, жинақталды. Ендігі міндет – біз секілді өскелең ұрпақты жауапкершілігінде. Мен, әдебиет әлеміне дүбірлеп аяқ басып келе жатқан жас өркен ретінде, Ілияс атамыздың туындыларын насихаттап, одан шығармашылық шабыт, ойға қуат, бойға нәр алуымды парызым деп есептеймін.

Біз сияқты ізбасарлары барда «Құлагер» ақынның шығармашылығы жасапмаз әрі мәңгілік болмақ!

ӘЛЕМІ

АЛАШ АМАНАТЫНА АДАЛ БОЛДЫҚ ПА?

2 дәрежелі диплом

Аяжан ТУЛАМБЕКОВА,
І.Жансүгіров атындағы Жетісу университеті



Қазақ халқы ұланғайыр кең даланы мекен еткен, еңбектеген баласынан еңкейген қариясына дейін сөзге тоқтаған, өр рухты, текті халық. Халқымыздың сан ғасырлық тарихына үнілсек, соқтықпалы соқпағы көп небір тарихи сәттерге, мәңгі жадымызда жаңғырып тұратын бейнелерге толы екені баршамызға мәлім. Мақтана айтатын қазақ тарихында қазіргі бейбіт, тәуелсіз, азат мекенді аңсаған қаншама тарихи тұлғалар өтті. Мен қалам тербейін деп отырған қайраткерлер – Алаш арыстары.

«Не көрсем де Алаш үшін көргенмін» деп жанын шүберекке түйіп ұрандатқан ұлт зиялыларының мұраты десе елеңдемейтін қазақ жоқ, сірә?! Себебі, азаттықтың басында Алаш тұр. Тарих беттерін парақтасақ, сол қиын-қыстау кезеңдерде қазақ халқына қанатымен су сепкен барыстардың ерен еңбегі бөлек. Ұлт зиялыларының нақты мақсат-мүддесі, арман – мұраты болды.

«Қой үстінен қырқылған бір уыс жүн – қазақтың үстіне тоқыма болып тоқилуы тиіс» деп ұрандатты. Асыл армандары – азат ел болу, өз ана тілінде сөйлейтін сауатты ұрпақ болашағы еді.

Қазіргі кезде біз Алаш аманатына адалдық танытып жүрміз бе? Алаш мақсат тұтқан, азаттықты аңсаған өр рухты ұрпақпыз ба? Зиялылардың мақсат еткен армандарының бірі – қазақ тілінде сөйлейтін ұрпақ еді. Туған тілін сату – рухани күнә! Сатқындықтың көрінісі! Қайда барсақ та орысша шүлдірлесіп отырған екі қазақ. Мені мазалайтыны, осы ұлы

қайраткерлеріміз өз деңгейінде дәріптеліп жүр ме? Жастарымыз өткен тарихын білуге қызыға ма? Өзінің ата тарихын білген ұрпақ саналы, өрелі, отаншыл болып өсері хақ. Шәкірім атамыз айтпақшы: «Адамның жақсы өмір сүруіне үш сапа негіз болады: адал еңбек, таза жүрек, мінсіз ақыл. Бұл сапалар адамды дүниеге келген күннен тәрбиелейді». Осы қанатты сөзді негізге ала отырып, білім алып жақтан ұстаздық жолымда болашақ ұрпаққа ұлттық мінезді сіңірсем деймін.

Ұлтшыл деген сөзден қорқудың қажеті жоқ. Керісінше ұлтсызданып бара жатқан мына заманда ұлтшыл болуға ұмтылған абзал. Біз ұлды тәрбиелей отырып, жер иесін, қызды тәрбиелей отырып, ұлтты тәрбиелейміз.

Қанша ғасыр армандаған тәуелсіздікке қол жетті. Азат ел болдық. Енді оны сақтау – біздің парыз!

3 дәрежелі диплом

Аружан ВАЛИБАЙ,
Жаркент жоғары гуманитарлық-техникалық колледжі

Ілияс Жансүгіров - аса ірі талант иесі. Ол қазақ әдебиетінің барлық жанрында үлкен еңбек сіңіріп, осы әдебиеттің негізін салушы, ірі тұлғалардың бірі болған. Ілиястың жазушылық еткен жиырма шақты жыл өмірі қазақ совет әдебиетінің алғашқы кезеңдерімен тұтасады. Оның ақындық еңбегі де аса зор. Ол әдебиетпен бірге жарыққа шығып, бірге жасасып келеді. Сондықтан өзі негізін салысқан әдебиеттің жетістіктері мен табыстарының бәріне Ілияс ортақ, бәріне оның үлесі бар. Күннен-күнге, жылдан жылға, үздіксіз өсіп, жетіліп келген



ІЛИЯС ШЫҒАРМАЛАРЫНЫҢ ЕРЕКШЕЛІГІ

осы әдебиетінің алдында тұрған маңызды мәселелері мен міндеттері Ілиястың творчествосына тән. Сондай-ақ қазақ поэзиясының жалпы дәрежесіне тән қасиеттер мен сипаттар Ілияс поэзиясына да жат емес.

Небәрі 44 жас өмір сүрген Ілияс - кейінгі ұрпаққа өшпестей із қалдырды. Оның шығармалары халықтың жүрегінен орын алды. Жүйрікте асқан – ақын. Ілияс Жансүгіров ең алғаш әдебиетке қадам басқанда үзіп-шалып қана оқыған, ортадан төмен білімі бар, ауылда өскен жігіт еді. Оның бар қаруы: ана тілі, ауыз әдебиеті, Абай мен Ыбырайдың, Махамбет пен Шернияздың, Сұлтанмахмұд пен С.Дөнентаевтың өлеңдері мен кейбір шығыс ақындарының, әсіресе татар ақыны Ғабдолла Тоқайдың шығармалары болатын. Ілияс творчествосына әуелден нәр беріп, ұрық сепкен үлгілер осылар.

Ілияс Жансүгіровтің ақындық таланты тура және тікелей оның идеологиялық көзқарасының ұлғайып, қалыптасуымен, білімінің молайып, өмір тәжірибесінің бірте-бірте өсуімен сабақтас, үнемі дамумен, жетілумен келді. Оны жазушының жиырма жылға жуық творчестволық жолынан көруге болады. Айталық, Ілиястың алғашқы кезеңдегі поэзиясындағы Абайдың әсерімен қатар, халық поэзиясының ықпалы байқалады. Ол - Ілиястың жазған өлеңдерімен мысалы,

«Беташар», «Бүгін дала» сықылды тура халық жырының сарынымен жазған өлеңдерін өз алдына қойғанда, халық поэзиясының ықпалы мен әсері, өлеңдік үлгі түрінде, образдық сөз құралдары түрінде ақындық мақам, машық түрінде жазушының тіпті барлық кезеңдегі шығармаларында атой беріп отырады. Оның ең соңғы жазған ірі шығармаларының бірі «Құлагер» поэмасының өзінде халық поэзиясының Ілияс поэзиясымен жымдасып кеткен, қыруар образдары мен теңеулері бар. Ілияс поэзиясының ерекше күші, әсерлілігі, оның өсем әуездігі осы халық қазынасын творчестволық жолмен мол және өзінше пайдалана білуінде, оның жалпы халықтығында, ұлттық байырлылығында. Қазақ халқының ғасырлар бойы санасында қорып шындалған, елегінен өтіп, сұрыпталғанына байланысты бейнелері Ілияс поэзиясының өзегі, ажары көркі.

Қорытындылай келе, мен Ілиястың шығармаларын оқи отырып, ерекше сезімде, күйде болдым. Менің ойымша, «Құлагер» поэмасында ақын мен тұлпар өмірі ажырамас тұтастық. Себебі, оның түсінігінде ондай тұлпар енді келмесі анық. Менің түсінігім бойынша тілінің байлығы, тазалығы, мөлдірлігі мен бейнелігі жағынан «Құлагер» - қазақ поэзиясындағы ең үздік поэмалардың бірі.

АҚЫН АРМАНЫ ОРЫНДАЛДЫ

3 дәрежелі диплом

Нұрай БЕЛДЕНБАЕВА,
Талдықорған Жоғары Политехникалық колледжі

Халқымызда Абайдың заманнан кейінгі дарынды да, арынды ақындарымыздың бірі Ілияс. Қамшының сабындай қысқа ғұмырын қазақ әдебиетінің дамуына арнаған ол көбіне поэзия жанрында сыр шерткен. Ақынның өзі өлсе де, сөзі өлмес. Артында өшпестей із қалдырған өзінің туған өлкесін өлеңіне тиек еткен, жырына арқау қылған. Мұнысын «Жетісу» өлеңінен анық байқаймыз.

Жер таппан жерге жетер Жетісуым!

Күркілдек, Көксу, Лепсі, Іле, Шуым,
Асқардың аспан сүйген сілекейін,
Жан бар ма татпайтұғын, айтпайтұғын.

Өлеңді оқи отыра ақынның туған жерге деген ыстық ықыласы мен махаббатының әдемі көрінісін тапқанын аңғарамыз. Өзге де «Күй» «Күйші» сынды өлеңдерінің де өзіндік зор мағынасы бар. Осы тұста ақынның қазақ әдебиетіне елеулі үлес қосқан, қазақ әдебиетін өзге елге танытқан «Құлагер» поэмасын айтпай кеткеніміз жөн болмас.

Ілияс десе, ең алдымен есіме осы поэма түседі. Ақынның өмірін осы Ақансерінің тұлпары Құлагердің тағдырына ұқсатар едім. Бұлай деуімнің де себебі бар: Атжарыста оза шауып, алдына жан салдырмай, мыңнан бір болып жүрген-Құлагердің өлімі өте ауыр әрі қайғылы болды. Межелі сөздерімен бірге Құлагердің өлімі өте ауыр әрі қайғылы болды. Межелі сөздерімен бірге Құлагердің өлімі өте ауыр әрі қайғылы болды. Межелі сөздерімен бірге Құлагердің өлімі өте ауыр әрі қайғылы болды.

«Жиырмасыншы ғасырдың орта шенінде «Үш бәйтерегіміздің» кінәсіз екені дәлелденіп, олардың барлық айып алынды. Алайда ол кезде тым кеш еді. Ақынның өзі өлгеннен артында өшпес мұра-өнері қалды.

«жас мұраты-білім, тәлім талабы,
Жас тағдырдың тұрғандай бір алабы» - деп Жансүгіровтің өзі айтқандай, қорыта келе айтарым, ақынның басты мақсаты өскелең ұрпаққа «Өнер-халықтың асыл мұрасы» екенін ұғындыру болатын. Және оның осы бір мақсаты орындалғанына сенімдімін. Себебі, ақынның өр өлеңінен шабыт алып, нақыл сөздерін бойымызға сіңіреміз. Қазақ поэзиясына елеулі үлес қосқан, «Іші алтын, сырты күміс сөз қалдырған, Қазақ поэзиясының Құлагері атанған – Ілияс Жансүгіров өр адам баласына үлгі болатыны, ұлт жанашыры - Ұлы Тұлға. Ілияс поэзиясы - өлмейтін, өшпейтін, сатылмайтын, сатпайтын, теңдесіз, мәңгілік поэзия!

ҚАЗАҚ КҮЙІН ДӘРІПТЕГЕН

3 дәрежелі диплом

Ақерке КЕҢЕСБЕК,
І.Жансүгіров атындағы Жетісу университеті

Жеңіс көрсе желінбес, қиындық көрсе майыспас бір қалыпты, кең мінезді Ілияс - расында қазақ әдебиетінің дүлдүлі. Ілияс - жыр-Құлагері. Алайда, ақын өзгелерден дара, шоқтығы биік болатын, қандай қасиетке ие? Меніңше, Ілиястың өр шумағында, тіпті өр өлең жолында ақындық сыры төгіліп, ыстық сезімі жалын атады. Жан тазалығы мен адамдық сезімінің мөлдір тазалығы ақындық үшін әуезді мақам, машығы келістілігімен, жүректі кірлетпес періште пейілімен өзгеше Ілияс жырлары бір оқығаннан өзіне еріксіз баурап алады. Ақынның ақпа-төкпе жыр жауһары кіршіксіз тазалығы мен риясыз шынайылығы мені тәнті етті. Қазақ ардақтаған «Үш бәйтеректің» бірі әдебиет әлемінің асқар шыңында тұр. Бұл ойым әбден орнықты деп білемін. Өйткені, біріншіден Ілияс - сан қырлы жанрда қалам тербеген сұңғыла жазушы. Ілияс – ақын Ілияс – драматург. Ілияс – прозаик. Ілияс-сатирик. Екіншіден, Ілияс тек заңғар жазушылығымен шектелмей, қазақ өнерін, күйін жақсы таныған. Ұлттық дәстүрді дәріптеген өнертанушы.

М.Қаратаев: «Оның есімі туған ел әдебиетінің тарихында. Гималайдай зәулім биікте. Оның Құлагердей дүлдүл ақындығы поэзия биігінде әмән алда келіп, Абай мұрасындай мәңгілік болмақ», - деп жазды. «Жүрегіміз айнасы кірлегенде орамалын өлең арқылы сүртеміз» деген ақын сөзі осыған дәлел.

Ақындар мен батырлар елі Жамбыл ауданында жыр алыбы Жамбыл мен «Емексіп бұл өмірден біз де өтерміз» деп өткен Есенқұлдың өлеңдеріне сусындап өскен мен үшін Ілияс әлемі мүлде бөлек, мүлде өзгеше әлем.

Қорыта келе айтарым, әдебиет әлемінің Құлагерін Батыраш сындылар қыршынынан қиса да, сапалы ғұмырында артына өлшеусіз мұра қалдырған Ілияс - ел есінде. Қанша қиындық көрсе де, қаламы мұқалмады.

Қазіргі таңда Ілиястай өр тұлғаның есімі берілген білім ордасында оқуым-мен үшін зор мәртебе.



жер Жыландысайға жете бергенде, қыршынан қиылды. Сол секілді Ілияс Жансүгіров те енді жалындап келе жатқан шағында ажал құшты. Еш жазықсыз, халқым деп жүріп, қазақ үшін, ел мен жер үшін деп ақын шындық үшін күресті. Дей тұрғанмен озбыр үкімет оны жайдан-жай қоя сала ма? 1937 жылы еш дәлелсіз, айыппен қамауға алды. Көп ұзамай 1938 жылы ату жазасына кесілді. Бұл ғана емес, өзімен замандас «Қазақтың үш бәйтерегі» Сәкен Сейфуллин мен Бейімбет Майлин де көз жұмды. Алайда, шындық түбі ашылады емес пе?

О ҚЫРМАНДАРҒА БЕЛГІЛІ «ЖЕТІСУ УНИВЕРСИТЕТІ» ГАЗЕТИНІҢ №1 САНЫНДА «ЖЕТІСУ СУРЕТТЕРІНДЕГІ» ӨСІМДІК АТАУЛАРЫ» АТТЫ МАҚАЛА ЖАРИЯЛАП, ІЛИЯС ЖАНСҮГІРОВТЫҢ ӘЙГІЛІ ПОЭМАСЫНДАҒЫ ӨСІМДІКТЕРДІ УНИВЕРСИТЕТ ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРІ МЕН СТУДЕНТТЕРІНЕ ЖІТІ ТАНЫСТЫРУ ҮШІН ЖАРАТЫЛЫСТАНУ ҒЫЛЫМИ БАҒЫТ БОЙЫНША БІЛІМ БЕРУ БАҒДАРЛАМАСЫНЫҢ ОҚИТУШЫ-ПРОФЕССОРЛАРЫН БІРІГІШ ЖҰМЫС ІСТЕУГЕ ШАҚЫРҒАН ЕДІК. ЖАРАТЫЛЫСТАНУ ҒАЛЫМДАРЫ БҮЛ БАСТАМАНЫ ҚУАНА ҚОЛДАП, РЕДАКЦИЯҒА ІЛИЯС АҚЫН АТАҒАН 90-ҒА ЖУЫҚ ЖЕР ТҮГІНІҢ ҚАСИЕТІН ЖАЗЫП ЖІБЕРЕ БАСТАДЫ. БҮЛ САНДА ӨСІМДІКТЕРДІҢ ТӨРТІНШІ ТОП-ТАМАСЫН ҰСЫНАМЫЗ.

ІЛИЯС АТАҒАН ЖЕТІСУДАҒЫ ЖЕР ТҮГІ



*Бақбақ
Одуванчик
Taraxacum*

Күрделі гүлділер тұқымдасына жататын көп жылдық, кейде бір не екі жылдық шөптесін өсімдіктер.

Бақбақтың кейбір түрлерінің тамыры каучуктан тұрады. Сондықтан бұл түрлерді бір кездері резеңке өндіру мақсатында өсірген. Содан кейін каучук ағаштардан сығып алынды. Бірақ, қазір бақбақ шырынынан резеңке өнімдерін өндіру бойынша жұмыстар жүргізілуде. Бақбақтың жапырақтарынан тосап пен шарап жасайды.

Жер бетінде Бақбақтың 700 жуық түрі бар, ал Қазақстанда бақбақтың 59 түрі бар, оның 23-і сирек кездесетін эндемик өсімдіктер болып саналады



*Жалбыз
Мята
Mentha*

Ерінгүлділер тұқымдасына жататын көп жылдық тамырсабақты өсімдік. Жалбыз қосылған шәй жүрек ауруымен ауыратындарға, тамақтан уланғанда, асқазан-бауыр ауруы мен ауырғандарға, жүйке жүйесі бұзылғандарға өте пайдалы. Жалбыз қосылған шәй адам ағзасын тазалайды. Және де бұл өсімдіктің басқа түрлері порфюмериялық, кондитерлік, гигиеналық мақсаттарға қолданылады.

Қазақстанда жалбыз туысының 10 түрі өседі



*Сыбызғы
Дудник немесе Ангелика
Angelica*

Шатырша гүлділер тұқымдасына жататын көп жылдық не екі жылдық өсімдіктер туысы. Орман сыбызғы қурайын мал жейді, сүрлемге салуға болады, жемісі құрамында кумарин болады. Дәрілік сыбызғы қурай медицинада пайдаланылады, балды өсімдік.

Солтүстік жер шарында және Жаңа Зеландияда таралған 50 – ге жуық (кейбір деректерде 80) түрі, бұдан КСРО – да (негізінен Қиыр Шығыста өсетін) 17 түрі болған, оның ішінде Қазақстанда 2 түрі бар.



*Құлмақ
Хмель
Humulus*

Кенепшөп тұқымдасына жататын шырмалып өсетін қос үйлі, көп жылдық, шөп тектес өсімдік. Сабақтары төрт қырлы, шырматылып жерге төселе өседі.

Дәрі жасау үшін оның аналық гүл шоғырын толық ашылып тұрғанда жинап алады. Құрамында лупулин, гумулен, валериан қышқылдары, холин, триметиламин, эфир майлары, смола, каротин бар.

Орманды жерлерде, өзен жағаларында, сайларда, бұталардың арасында өседі. Қазақстанның барлық жерінде кездеседі



*Ернолы
Полынь
Artemisia*

Күрделі гүлділер тұқымдасына жататын, жусан туысына жататын көп жылдық тамырсабақты шөптесін өсімдік. Қазақстанда жусан туысының 84 түрі өседі.

1. Тамаққа тәбет ашуға; 2. Асқазан бүріп ауырғанда; 3. Аяқ астынан дене құрысып, қалтырап діріл пайда болғанда (лихорадка); 4. Әсіресе аяқтағы көктамыр бадырайып шығып білініп тұрғанда; 5. Қан жасушалары азайғанда; 6. Бауыр, көкбауыр ауырғанда; 7. Суық тигенде; 8. Ұйқы қашқанда; 9. Іштегі паразит құрттарды түсіруге және т.б. Ветеринария саласында қоюлау тұнбасын паразит жәндіктерді құрту үшін жағады.

**Жаратылыстану жоғары мектебі.
Жаратылыстану ғылыми бағыт бойынша білім беру
бағдарламаларының жетекшісі б.ғ.к. Б.Оксикбаев,
химия - биология мамандығының 2 курс білімгері А.Тынышбаева.**

ҚҰРЫЛТАЙШЫ: І.ЖАНСҮГІРОВ АТЫНДАҒЫ ЖЕТІСУ УНИВЕРСИТЕТІ

● Газет Қазақстан Республикасы Ақпарат және Коммуникация министрлігі, Байланыс, ақпараттандыру және бұқаралық ақпарат құралдары саласындағы мемлекеттік бақылау комитетінде 2018 жылғы 27 қарашада тіркеліп, № 17378-Г куәлігі берілген.

● «Жетісу университеті» газеті медиаорталықта теріліп, беттеледі.

● Жарияланған мақала авторларының пікірлері редакция көзқарасын білдірмейді.

● Газет айына бір рет шығады.

● Газет Талдықорған қаласы, Қабанбай батыр көшесі, 32-үйде, «Алматы - Болашақ» АҚ филиалы «Офсет» баспаханасында басылады.

**Медиаорталық басшысы
Баян Шаянбаева**

Бас редактор: Н. Дүтбаева
Тілші: С. Әшірбекова
Корректор: А. Махимова
Дизайнер: Н. Елшібеков

МЕКЕНЖАЙЫМЫЗ:

Талдықорған қаласы,
Жансүгіров көшесі, 187 а.
Байланыс телефоны: 312484

**Индекс 64568
Тапсырыс №743
Таралым 2000 дана**